

Тақырыбы:

**Оқушылардың 5- сыныпқа
психологиялық бейімделуі**

- Мақсаты: 5-сынып оқушыларына орта мектепте оқуға бейімделуіне психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, алаңдаушылықты төмендету, ішкі топтық жұмылдыруға қол жеткізу.
- Міндеттері: Орта буында оқу бейімділіктері дағдылары туралы түсінік қалыптастыру;
- -Өздігінен қабылдау, өздігінен ашылу, қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.

Қанеки, амандасайық!

Мақсаты: Өзара қарым-қатынастың жайлылық жағдайын құру.

Шарты: қатысушылар психологтың дабылы бойынша бөлмеде шашырап жүреді. Жүрген кезде бір –бірімен амандасады.

Психолог бір рет шапалақ ұрса бастарын изейді;

Екі рет –қолды ұстап;

Үш рет –иықтарымен;

Төрт рет –арқаларымен.

«Кім ... нені...»

- Кім тәттіні жақсы көреді, солар бір адым алға шығындар;
- Кімнің үйінде мысық бар, солар оң қолдарыңды көтеріндер;
- Футбол ойнау кімге ұнайды, солар тізерлеп отырындар;
- Кім балмұздақ жегенді жақсы көреді, солар құс сияқты қанаттарың қағады;
- Кім 5 сынып оқушысы болып оқиды, солар қолдарың шапалақтасың;

постермен жұмыс «Менің жолым»

1-топ: Бастауыш мектептен менің есімде қалғаны.....

2-топ: 5-сыныпта менің көргім келеді....

«Күн» жаттығуы.

Сергіту сәті: Көңілді күн!



«Жаңа оқушы»

- Балалар барлығымыз біздің мектепке басқа елден жаңадан оқушы келді деп есептейік. Ол өзінің оқуын біздің мектепте жалғастырғысы келеді. Бірақ, біз ең алдымен біздің мектептің өмірімен танысуға көмектесейік, оған ат қояйық. Бес есім айтылады, дауыс беру негізінде есімін таңдайды. Енді оған мектебіміздің өмірі жайлы не айтатынымызды ойластырайық (Мұғалімдер, оқушылар, сабақтағы үй жұмысы, бақылау, ауызша және жазбаша жұмыс, кештер, қызықты сабақтар т.б.)

«Шатасқан жылан»

- Мақсаты: топтың бірлесуіне ықпал етеді.
- Шарты: Қатысушылар тұрады. Психолог олардың біреуіне, біршама уақыт дәлізде немесе басқа бөлмеге шыға тұруын ұсынады.
- Психолог: барлығымыз бір-біріміздің қолымыздан ұстап қатар тұрайық. Бұл қатарды жылан дейік, ал шеткі екі адам оның басы мен құйрығы. Әр түрлі шығыршық құрып оралып жатады. Басы мен құйрығы бос қолдарын жасыруы тиіс, екеуі қол ұстаспауы керек, сырттағы тұрған адам жыланды тарқату тиіс

«Кездескенше»

- Шарты:барлығымыз шеңбер құрып тұрамыз.Менің қолымда доп бар.Сіздер оны бір- бірлеріңізге беріп, 5 сыныпқа үйрендіңдер ме, сонымен бірге тренингтен алған әсерлеріңіз туралы пікір білдіріп,өз тілегіңізді айтыңыз.